ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 қыркүйек № 5165-24-00-2/2045 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Д.А.Бейсембекова
сот отырысының хатшысы Б.Ғ.Бақытжанның хатшылығында,
ашық сот отырысында аудио-, бейнежазба құралдарын, «WhatsApp» мессенджерін пайдалана отырып қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ИП ANK» атынан әрекет етуші Азамат Құрбаналіұлы Абен

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Е.Тасов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 5 маусымда тараптар арасында № 138 санды электронды түрде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі – № 138 Шарт) түзіліп, қазынашылық органда тіркелген.

Шарттың қосымшасына сай жауапкер 2024 жылы бекітілген жұмыс кестесінде көрсетілген мерзімде, яғни тапсырыс келісім шартқа қол қойғаннан кейін 20 күнтізбелік күн ішінде атқаруға міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер қызметтерді көрсетпей, өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір келтірмеген.

Талап қоюшы өкілі Е.Тасов талап қоюды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Жуапкер сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарлана тұра келмеді.

Сот істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабына сәйкес жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай № 138 Шарт 2024 жылдың 5 маусымнан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарттың талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

№ 138 Шарттың 2.1-тармағының талаптарына сәйкес орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған жұмысты (жұмыстарды) қабылдауға және орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

№ 38 Шартың қосымшасымен қамтылған шартқа сай жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап келісім шартқа қол қойғаннан кейін 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан облысы, Рабиға Сұлтан бегім көшесі, № 14А (1) мекенжай бойынша кондиционерлерді әкеле отырып, 36 м2 алаңда - 3 дана, 27 м2 алаңда - 1 дана, 21 м2 алаңда - 4 дана, 72 м2 алаңда - 1 дана орнатып беру бойынша жұмыстарды орындауға тиіс болған.

Сотта анықталғандай, жауапкер № 138 Шартта көрсетілген өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан.

Демек, қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін орындамаған. Аталған мәнжай талап қоюшының сотта берген жауабымен, істегі дәлелдемелермен бекітіледі.

АПК-нің 72-бабына сәйкес сот талап қоюшының талабы ұсынылған дәлелдемелеріне сәйкес заңды және негізді деп табады.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 18.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Рысқұлбеков К. О., 30.10.2024

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ИП ANK» атынан әрекет етуші Азамат Құрбаналіұлы Абен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ИП ANK» атынан әрекет етуші Азамат Құрбаналіұлы Абеннен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 18.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Рыскулбеков К. О., 30.10.2024

5165-24-3-1/2047